

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитетінің жекелеген мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 26 маусым N 1020.
Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1998.05.25. N 479 қаулысымен. ~P980479

Кеден органдарының материалдық-техникалық базасын дамыту мен нығайту, кеден бекеттері мен кеден маңындағы инфрақұрылымын жайластыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеден комитетіне кейін республикалық бюджеттің кірісіне аударып, "Тапсырыстар бойынша сомалардың" ағымдағы шотына кедендік ресімдер үшін алымды аударуға рұқсат етілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі республикалық бюджеттің кірісіне аударылған, аталған қаражатты республикалық бюджетте кеден органдарын ұстауға көзделген жылдық бюджеттік қаржылардың шегінде кеден органдарының материалдық-техникалық базасын дамытуға толық көлемде жіберсін,

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеден комитеті Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісе отырып, осы қаражаттың жұмсалудың тәртібін әзірлесін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі